

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оқу орындарының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі № 957 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . Қ а й т а қ ұ р у ж о л ы м е н :

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2 . М ы н а л а р :

1) білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кәсіпорындар қызметінің негізгі мәні;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі - кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорындардың жарғыларын бекітуге енгізсін және оларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) «Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 шілдедегі № 1021 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 28, 339-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары о қ у о р ы н д а р ы н ы ң т і з б е с і н д е :

реттік нөмірі 6, 24-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

А л м а т ы

қ а л а с ы ;

24. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» республикалық
мемлекеттік кәсіпорны Астана қаласы»;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.
Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов